

Қазақтың Қошке Кемеңгері

XIX ғасырдағы Қазақстанның Ресей империясының құрамына толық қарауы қазақ қоғамындағы өмірдің барлық салаларының түбегейлі өзгеріске ұшырауына әкеліп соқты. Бұл өзгерістер Ресейдің қазақтардың дәстүрлі өмір салтын бұзуға, өзін орыстандыруға, қазақ даласын орыстың провинциалдық шет аймағына тауар өткізу әрі орыс өндірісінің шикізат өндіру аймағына айналдыруға бағытталған отаршылдық саясатынан туындаған еді. Осындай үрдіс, әсіресе патшалықтың халыққа білім беру саласындағы реакцияшыл саясатынан айқын байқалды. Қарастырылып отырған мәселенің мазмұнын ашуда Қ.Кемеңгерұлының тарихи зерттеулерінің ерекше маңызы бар.

Ұлттық демократиялық зиялылардың көрнекті өкілдерінің бірі — Қошке Кемеңгерұлы 1915 жылдан бастап 1930 жылға дейін үздіксіз қазақ әдебиетіне, драматургиясына, журналистикасына, ғылымына айрықша үлес қосқан қайраткер. Осы кезеңде ол Ресей бодандығынан құтылу жолындағы қазақ халқының ұлт-азаттық күресіне қатынасты. Патшалық кезінде құрылған қазақ жастарының тұңғыш ұйымы — «Бірлікке» мүше болып, оның «Балапан» деген атпен шыққан журналына редакторлық етті.

1917 жылы Алаш Орданың Ақмола облыстық комитетін құруға қатысты, 1918-1919 жылдары жас алаштардың газеті «Жас азаматтың» редакторы болды, кеңес өкіметі орнап, нығайғаннан кейін 1924-1930 жылдары әртүрлі газеттерде, оқу орындарында сабақ берді, әрі ғылыммен де айналысты. Өкінішке орай, Қ.Кемеңгерұлының ғылым, білім, әдебиет салаларындағы қарымды қызметін 30-жылдары басталған кеңес өкіметінің қазақ зиялыларына қарсы бағытталған репрессия науқаны тежеп тастады.

Ендігі жерде жоғарыда айтылған Қ.Кемеңгерұлының еңбектеріне оралайық. Ол өзінің «Қазақ тарихынан» атты зерттеуінде хандық билікпен өмір сүрген қазақ қоғамынан бастап, кеңес өкіметі орнаған кезеңге дейін қазақ елінің тарихи эволюциясын көрсеткен, әсіресе Қазақстанның Ресейге қосылуының проблемаларына көңіл бөлген. Ұлт зиялыларының өкілі ретінде, бұл мәселеде Қазақстанның Ресейге қосылуының отаршылдық сипатын, нәтижесінде қазақ халқының ұлттық тәуелсіздіктен айырылғанын баса айтқан.

Зерттеуде қазақтың ұлы перзенттері Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев және XX ғасырдың басындағы ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері туралы біраз мағлұмат береді. Қазақ халқының осы тұстағы мәдениеті, рухани байлығы туралы тереңнен сөз қозғайды. Қ.Кемеңгерұлы өткен тарихтың беттерін саралай отырып, патшалықтың халыққа білім беру саласындағы саясатын батыл сынға алады. Бұл ретте, патшалық Ресейдің отарлық саясаты негізінен экономикалық мақсатпен шектеліп қалмай, тәуелділіктің рухани-мәдени жағына ерекше мән

берді. Оның басты мақсаты орыс емес халықтарды өз ұлттығынан айырып, күштеп орыстандыру арқылы бір-бірімен араластырып, шет аймақтарды империяның тұтас бір бөлігіне айналдыру еді. Осы мақсатты орындау үшін, әрі Ресей самодержавиесі өз ықпалын одан әрі нығайту үшін халыққа білім беру саласында орыс тілінде оқытатын әртүрлі мектептер ашу ісін қолға алды.

Орыс үкіметі әртүрлі мектептер ашу арқылы қазақ халқын оқытып, жан-жақты білім беру мақсатын көздеген жоқ, керісінше, аз ғана білім алып, болыстың кеңсесінде аудармашы дәрежесіне жетсе болды деген саясат ұстанды. Ал білім беру саласындағы патшалықтың басты мақсаты оқушы қазақ балаларын Ресей империясына қалтқысыз қызмет ететіндей етіп тәрбиелеп шығару болды.

Бастауыш білім беру жүйесінің оқу бағдарламасының мазмұны патша әкімшілігінің талап-тілектеріне сай жасалып, қазақ халқының экономикалық және мәдени даму үрдістерін, оның мүддесін мүлдем қарастырмады. «Үстірт қарағанда хүкіметте де қазақ үшін тырысқан сияқты. Бірақ хүкімет ісінің ішін аударсақ, арамдығы аңқып шыға келеді. Хүкімет қазақ баласын оқытқанда білім алсын, елін ағартсын деп ойлаған жоқ. Қазақтың жас баласын елінен айырып, орыстың рухын сіңдіріп, қазаққа орыстың идеясын тарататын үндеуші қылу мақсатында болды».

Орыс мектептеріне, негізінен, өз балаларын ру «жақсылары» берді. Қ.Кемеңгерұлының ойынша, олар балаларын оқуға беруде мына мақсаттарды көздеген: «орыс тілін білсін, яки шен алсын» деген мақсұтпен болсын хандар, аға сұлтандар, «жақсылар» орыс школдарына балаларын бере бастады». Бірақ та, уақыт өте келе қазақтар орыс школдарынан балаларын оқытудан бас тарта бастаған кезі де болды. Оның себептерін Қ.Кемеңгерұлы былай түсіндіреді: «Жалпақ қазақ елінің білім-өнерге бейіл бермей жиіркенуі, тарихи көзбен қарағанда табиғи.

Алғаш оқыған қазақ басшыларының балалары французға еліктеп, күлкіні күйлеген. Князьдардың, генералдардың үйлерінде тұрып, ойын-сауық, билеуді ғана үйреніп, тәрбиелі білім ала алмай біраз оқыған соң сахараның магниті тартып, тұрған жерлеріне қайтатын болды. Бұлар далада да қаладағы мінездерін істегендіктен, ел көзіне ұнамсыз болды... ақсүйектер, жақсылар «діннен айырылады, өзімізді танымай кетеді» деп бала оқытудан тоқталды». Дегенмен, Қ.Кемеңгерұлы жазғандай, ақсүйектер ден шыққан жастардың арасынан шын білімге ұмтылғандары да болды. Бірақ олардың саны көп болмады.

Солардың ішінен орыс білімін алып, ерекшеленіп, дара шыққан ұлт зиялыларының аса көрнекті өкілі Ш. Уәлиханов еді. «Бірлі-жарым ұлтшылдық, демократизм рухымен жүріп ақсүйектікке әуейіленбеген Шоқан

сияқтылар болды. Бұлардың молдалардың шала шарифатына, ақсүйектің менмендігіне ашық қарсы болғандығы бұқараны орыс оқуынан жирендірді», — деп жазады Қ.Кемеңгерұлы.

Бұдан біз орыс оқуына қазақтардың неге қарсы болғандығының тағы бір себебін көреміз. Қ. Кемеңгерұлының пікірінше, патшалықтың халыққа білім беру саласындағы отаршылдықтың саясаты, әсіресе 1867-1868 жылдарындағы әкімшілік реформаларынан кейін, қазақ арасында үкіметке қарсы толқулар бел алған кезеңде күшейе түскен. Патшалықтың бұл кездегі оқу саласындағы саясаты уездік мектептер (интернаттар) ашу болатын да, қазақтар оған өз балаларын оқуға беруге тиісті еді.

Бірақ ашылған орыс мектеп-интернаттарына ең кедейлердің балалары жіберілді. Қошке бұл құбылысты былай түсіндіреді: «1876-1879 жылдардың арасында Сібір қазақтарына 10 ояздық школ (интернат) ашылды. 1867 жылғы жаңа заңнан (штат) кейін қазақтың хұкіметке наразылығының толқыны әбден басылмаған кезде Түркістан Ресейге қарап, наразы діншіл молда-қожалардың қазақ арасына таралып, орысқа қарсы сөз таратып жүрген кезде интернатқа бала жинау тап келді. Бала жинағандар «баланы орыс қылуға аламыз, не солдатқа беруге аламыз» деп қорқытып, ақша алып, қалдыратын болған. Ел жақсылары «Шоқынса да оқасы жоқ» — деп, қай-қайдағы жетімдерді, сіңірі шыққан кедейдің балаларын 40 тұсаққа шейін сатып алып, интернатқа берген.

Елде жүргенде кім болса содан таяқ жейтін, «бір көйлек кисем, бір тоя тамақ ішсем» дейтін нашар балалар шала-бұла уездік школды не бітіріп, не бітірмей тілмаш-переводчик, шолақ адвокат болып, идеалын ақша, мал, жылтыр түйме, ақ жағаға айналдырып жіберетін болды». Міне, осылайша жүргізілген саясаттың нәтижесінде школға қабылданған балалардан кейін шала сауатты адвокаттар, тілмаштар, мұғалімдер шықты.

Бұлардың ойы болашақта тек шен алу, ақша, пайда табу болды. Міне, осындайлар туралы кезінде өзінің «Интернатта оқып жүр талай қазақ баласы» атты өлеңде дәл басып айтқан Абай еді. Біртіндеп, орыстандыру саясаты ауылда ашылған школдарға да жетті. Мұндағы мектептердің ашылуы қазақ отбасыларына әкімшіліктің 10 сомнан ақша таратуымен байланысты болды. Бұл мектептердегі оқушылар құрамын шала сауатты қазақ мұғалімдері мен шоқынды татарлар құрады. Қ.Кемеңгерұлының пікірінше, мұндай мектептердегі білім сапасы өте төмен, деңгейі адам төзгісіз болған. Ол бұл туралы былай жазады: «Орыстандырудың аяғы ауылнай школға соқты.

Қазақтар ауылнай школдарын ашқызғанда, үйге беретін 10 сомына қызығып ашқызды. Онда оқытушылардың көбі 2 класты бітірген, рухани ұлт тәрбиесін, жалпы адамшылық тәрбиесін алмаған қазақ жігіттері және

татарша білетін крешіндер болды. Оқытушылар өте идеалсыз болғандықтан, школ пайдалы жеміс бермеді.

Мысалы, Омбы оязында 1 жылдай тіршілік еткен бір ауылнай школдан 3-ак бала ілгері оқып кетті». XIX ғасырдың екінші жартысында көшпелі қазақ жұртшылығының арасында жер шаруашылығынан мағлұмат беру үшін, әрі отырықшы орыс мұжықтарына да көмек болсын деп интернаттардың негізінде ауылшаруашылық мектептері ашыла бастады. «Бері келе 1889 жылы интернаттар жер шаруасының школдарына айналдырылды... Хүкімет қазақты отырықшы қылып, арқасына аттап міну пікірімен сол үшін екі ортаға дәнекер қылуға, үлгі көрсетуге еркек баланы бақшалыққа, әйел баланы қол ісіне үйретпекші болды», — деп бұл мәселеге де Қ.Кемеңгерұлы өз пікірін білдіреді.

Патшалықтың білім беру саласындағы саясаты тура-лы ойларын қорытындылай келе, Қ.Кемеңгерұлы оның алға қойған мақсаттарын да былайша атап көрсеткен: «Қазақта бірен-саран білімге қарай сүйрегендік болса, оның негізі: 1) әуелі қазақты жуасыту; 2) одан кейін дінге аудару; 3) ақыры келіп орыстандыру саясатына шықты». Өз еңбектерінде Қошке патшалықтың жүргізген отарлық саясаты туралы мәселені тереңнен зерттеген, оның әр қырынан қараған, ойларын ортаға салған. «Мәденилеу орыс қазаққа қандай үлгі берді?» деген сұрақ қойып, соған өзі былайша жауап берген: «Қалың қазақтың алдымен көргені — ел арасына шыққан үкіметінің қол тоқпағы болған казак-орыс отрядтары, адамшылдықтан азған, пара алуды, қорқытуды өзіне парыз деп білген төрелер, алдау жолына арын сатқан саудагерлер, қарауылға қойылған казак-орыс қалалары.

Қазақ білім жағынан өрнек алмаса да, жаман мінездік жағынан асырып жіберді: қалаға келсе карта ойнап, арақ, сыра, коньяк ішуге құмарланды; сатылатын қыздар үйіне барғыш болды». Қошкенің туған халқының тарихындағы осындай ащы шындықты айтуын өткенді ұмытпай, тарихтан тағылым алып, жарқын болашаққа жөн сілтеу деп бағалау орынды. Қ.Кемеңгерұлы қазақтардың орыс тілін оқып меңгеруін прогрессивтік бағыт деп бағалады. Себебі, оның ойынша, орыс тілін игеру орыс мәдениетін білуге, сол арқылы дүниежүзілік мәдениетке шығатын, жол ашатын бірден-бір мүмкіншілік.

Осыған байланысты дәлел ретінде Абай мен Шоқанның орыс демократтарымен достық қатынасын көрсетеді: «Шоқанның Достоевский, Дуров, Семеновпен таныс болуы, Абайдың Михаэлиспен таныс болуы — бізге екеуінен де әдеби мұра қалдырып отыр», — деп жазады Қ.Кемеңгерұлы. Ол өз еңбектерінде халықтар арасындағы достық пен туысқандыққа деген сенімін көрсете отырып, жалпы адамзаттық мәдениеттің белсенді жаршысы ретінде көрінеді.

Қошке 18 жасар кезінде-ақ Пушкиннің, Никитиннің өлеңдерін қазақшаға аударып бастаған. Қ.Кемеңгерұлының орыс тіліне байланысты дәйекті түрде айнамаған бір ойы — ол тілді ерікті түрде оқыту. Егер ұлттық мектептерде негізгі тіл ана тілі болатын болса, орыс тілі оны алмастырмай, қатарлас қана оқытылуы керек. Сонда ғана ұлт үшін пайдасы болмақ.

Бірақ мұндай принцип патшалықтың білім саласындағы саясатына қайшы келеді. Себебі, ол саясаттың мақсаты қазақ халқын орыстандырып, ұлттық болмысынан айыру екендігі айқын болатын. Патша үкіметі қазақтардың тек бастауыш білім ғана алуына мүдделі болып, орта арнаулы және жоғары оқу орындарын ашуға қарсы болды. Ондағы қауіп-қорқынышы — ұлт зиялыларының өсіп-өніп, ұлттық санасының жоғарлауына қозғаушы күш болу мүмкіншілігі еді. Екінші жағынан, патшалықтың орыс тілін оқып білім алғандардың тек самодержавиеге адал қызмет етеді деген үмітінің ақталмауы да әсер етті.

Ал қазақтың оқыған зиялы қауымының көпшілігі, оның ішінде Қошке Кемеңгерұлы да ұлтқа аянбай қызмет етіп, халықтың сана-сезімінің оянуына, қазақтың ұлттық мәдениетінің дамуына, сонымен қатар қазақ халқының патшалықтың отарлық саясатына қарсы жалпы ұлттық күрестің дем беруші идеологтарына айналды.

Қадыр Әбілмәжінұлы АХМЕТОВ, тарих ғылым дарының докторы, профессор, мәдениет, зиялылық пен білім тарихын зерттеуші ғалым.